

Түркістан облысы Төлеби ауданы
Жаңажол жалпы білім беретін мектебі КММ

Қосымша білім беру педагогы Н.Сарсембаевтың
2025-2026 оқу жылының жылдық есебі

Жаңажол ауылы

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің қосымша білім беру педагогі
Н.Сәрсембаевтың жылдық есебі

Жаңа оқу жылының басында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Осы жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6-сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жұмыстар ұйымдастырылды. Мұнда мектепте ақысыз үйірмелер ашылып оқушылардың икемділігіне, қызығушылықтары мен қабілеттеріне қарай үйірмелерге тартылды.

№	үйірме жетекшісінің аты-жөні	үйірме саны	үйірме атауы	қатысатын оқушылар саны	сыныптары			жынысы		түрі
					1-4	5-9	10-11	қр	қыз	
1	Остафьев Е.	1	Домбыра	25	16	9		14	11	ақысыз
2	Остафьев А.	1	Футбол	25		18	7	25		ақысыз
3	Керімбеков Н.	1	Баскетбол	48		48		23	25	ақысыз
4	Мамытбай А.	1	Шахмат/дмбы	17	8	9		11	6	ақысыз
5	Кожакетов Ж.	1	Жеңіл атлетика	20		10	10	14	6	ақысыз
6	Ахметов М.	1	Дзюдо	4		2	2	2	2	ақысыз
7	Ахметов Е.	1	Мерген атқаш	42			42	17	25	ақысыз
8	Сәрсембаев Н.	1	Ұлттық ой алаңы	20		12	8	7	13	ақысыз
9	Сәрсембаев Н.	1	Театр	32		32		17	15	ақысыз
10	Қылышбаева У.	1	Жасыл клуб	21	1	20		4	17	ақысыз
11	Омаров О.	1	Көркемсурет	27		27		5	22	ақысыз
12	Кожакет М.	1	Поэзия	41	22	19		12	29	ақысыз
13	Домнат Ж.	1	Би	60	34	26			60	ақысыз
14	Сырлыбаева Р.	1	Еңсер теу	46	15	28	3		46	ақысыз
15	Сырлыбаева Р.	1	Тегі	35	5	26	4		35	ақысыз
Барлығы				463	101	286	76	151	312	

Жүргізілетін үйірмелер мен үйірме жетекшілері анықталып, олардың жылдық жоспарлары мектеп басшылығы тарапынан тексеріліп, бекітілді.

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 511 оқушы оқиды. Осы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ашылған 15 ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Оның ішінде: 9-мектепте; 1-еуі өндірістік кооператив ғимаратында; 4-еуі «Айша» өнер орталығында; 1-еуі – Төлеби спорт мектебінде.

Шығармашылық бағыттағы үйірмелер: домбыра, пікірталас, театр, көркемсурет, поэзия және проза, би;

Спорттық бағыттағы үйірмелер: футбол, баскетбол, шахмат, жеңіл атлетика, дзюдо (Төлеби спорт мектебі);

Әскери-патриоттық: мерген атқаш;

Экологиялық: Жасыл клуб

Аталған үйірмелерге жалпы 463 оқушы қатысады. Оның ішінде:

1-4 сыныптар: 101 оқушы,

5-9 сыныптар: 286 оқушы

10-11 сынып: 76 оқушы.

Оның ішінде: Ұлдары: 151; қыздары 312.

Үйірмеге тартылған оқушылар жалпы мектеп оқушыларының 90,6 % құрайды.

1-қыркүйек- Білім күніне орай «Мектебім-мейірім мекені» салтанатты іс-шарасы өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік сабақтары өткізілді. Жалпы, қауіпсіздік сабақтары сынып жетекшілері тарапынан әр дүйсенбі күні тәрбие сағаттарында жоспарлы түрде 10 минут бойы өткізіліп келеді.



Тілдер мерекесіне орай «Тіл-татулық тірегі» тақырыбында мектепте онкүндік өткізілді. Онкүндіктің ашылу барысында оқушылар Алаш арыстарының тіл туралы айтқан ұлағатты сөздері мен өлеңдерін оқыды.



Қыркүйек айының екінші аптасында Денсаулық фестивалі өткізілді. Бұл өткізілген спорттық іс-шарада спорттық үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында түрлі спорттық сайыстар мен жарыстар ұлттық ойын түрлерінен командалық жарыстар өткізілді.



Көркемсурет үйірмесі және еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қыркүйек айының төртінші аптасында «Еңбек түбі береке» тақырыбында колөнер көрмесі өткізілді. Көрмеге оқушылар қолынан шыққан туындылар мен еңбектері қойылды. Көрмені еңбек пәнінің мұғалімі Мырзахан Ө және көркемсурет үйірмесінің жетекшісі Ө.Омаров ұйымдастырды.



Дебат клубы мүшелерінің арасында «Мемлекеттік тілдің бүгінгі мен болашағы» тақырыбында пікірсайыс турнирі өткізілді. Клуб мүшелері тақырыпқа сай берілген қарарлар бойынша оралымды ой мен құнды пікірлерін білдірді.

Қазан айында 5-8 оқушыларынан құралған театр мүшелерінің қатысуымен театрландырылған қойылымдар көрсетілімдері өткізілді. Оқушылар жас деңгейлеріне сәйкес драмалық, комедиялық қойылымдар қойып, көрермен ықыласына бөленді. Аталған сыныптардың ішінде ерекше дайындықпен келген 7-б сыныбының қойған қойылымдарына көрермендер ризашылықтарын білдірді.



Қазан айында бастауыш сынып арасында эстафеталық жарыстар және шахмат үйірмесінің жетекшісі А.Мылтықбайдың ұйымдастыруымен «Шахматтың қыр-сыры» атты мектепшілік турнир өткізілді.



Қазан айының төртінші аптасында өтуге тиіс болған дебат клубының пікірталас сайысы оқу бағдарламасына сәйкес қараша айының бірінші аптасында өткізілді. Клуб мүшелерінің ортаңғы буынымен өткізілген пікірталас сайысы өз дәрежесінде өткізіліп, фракция мүшелері өздеріне берілген тапсырмаларды толығымен орындап шықты.



Қараша айында «Театрдың гажайып әлемі» үйірмесі мүшелерінің қатысуымен театрландырылған драмалық және комедиялық қойылымдар өткізілді. Оқушылар сахнада түрлі кейіпкерлерді сомлады, сахна мәдениетіне бейімделді. Жиналған көрерменге әрбір рөл – бір тағдыр екеніндігін көрсете білді, көрермендер ықыласына бөленді. Қойылымдар 5-8 сынып оқушылары арасында сахналанды.



«Ұлттық мектеп лигасы» аясында орта буын оқушылары арасында «Өмірге сауиғатты қалам» тақырыбымен ұлттық ойын түрлерінен мектепшілік эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды. Оқушылар осық ату, арқан тарту, т.б. спорттық ойын түрлерінен бәсекеге түсті. Аталған сайысты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жансерік Қалдарбаймен бірге ұйымдастырылып өткізілді.



Көркемсурет үйірмесінің жетекшісі Ә.Омаровтың және еңбек пәнінің мұғалімдері Мейірбек Сымбат пен Мырзахан Өркеннің ұйымдастыруымен үйірме мүшелері және қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар «Қазақ халқының ұлттық бұйымдары» деген атпен ұйымдастырылған мектепшілік көрмеге қойылды. Оқушылардың қолынан шыққан заттар әсемдігімен, қарапайымдылығымен, ұлттық құндылығымен көрермен көңілінен шықты.



Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Шабыт» жобасын іске асыру мақсатында Ұлы Абайдың 180 жылдығына және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 34 жыл толуына орай мектептегі Домбыра үйірме мүшелерінің қатысуымен «Күй құдіреті» атты жас күйшілердің фестивалі өткізілді. Аталған шара үйірме жетекшісі Б.Орақбаевамен бірлесе отырып ұйымдастырылды. Фестивальдің ерекшелігі-оқушылар алдымен өздері орындайтын күйдің шығу-өңірін онлайн-жранда тарихын айтып береді, содан кейін орындайды. Бұл оқушының тілденуіне және көрерменнің күйдің

шығу тарихы туралы білімін толықтырады. Іс-шараның өткізілу форматы көрермен көңілінен шықты, зор әсер қалдырды.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес Желтоқсан айы- бірлік және ынтымақ айы деп берілген. Осы мақсатта жасалған айлық жоспар бойынша үйірме жетекшілерімен «Мектеп өміріндегі үйірменің рөлі» тақырыбында сұхбат өткізілді. Сұхбат барысында үйірмені жүргізудегі жеткен жетістіктер және жіберілген кемшіліктер сараланды, үйірме жүргізудегі алдымызда кездесетін қиындықтар туралы айтылды. Негізгі қиындық – спорттық үйірмелерді жүргізетін ғимараттың жетіспеушілігіне келіп тіреледі. Сонымен қатар үйірмелердің жүргізілу барысын бақылау мақсатында спорттық және көркемсурет, домбыра үйірмелерінің жүргізілу барысымен таныстым. Жоспар бойынша өткізілуде. Оқушылардың қатысу деңгейі қанағаттанарлық. ІІ- тоқсан қорытындысы бойынша белсенділік танытқан оқушыларды марапаттап ата-аналарға хат жіберу жоспарланып отыр.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы барысында мектеп жемісіншілігінің қадағалауымен сынып жетекшілерінің басшылығымен мектептегі сынып бөлмелеріне тазалық жасау, реттеу жұмыстары жүргізілді.

Тәуелсіздік күніне және Жаңа жыл мерекесіне байланысты бастауып сынып оқушылары суреттер байқауын және жаныялдық безендіру ойыншықтарын жасап сынып бөлмелерін безендірді. Бұл жұмыстар сынып жетекшілерінің және еңбек пәнінің мұғалімі Мейірбек Сымбаттың басшылығымен іске асты.



Тәуелсіздік мерекесі кәрсинанда спорт секциясы үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Женімді Тәуелсіздікке арнаймын» тақырыбында спорттық жарыстар түрлерінен мектепшілік жарыстар өткізді. Спорт үйірме жетекшілері Керімбеков Н баскетболдан, Қалдырбай Ж волейболдан, Мылтықбай А шахматтан өткізген жарыстар өз деңгейінде өткізілді.



«Жаңа Қазақстанның жаңа жастары» дебат үйірмесінің жүргізілуі

«Үшқыр ой алаңы» дебаттық пікірсайыс ойындары бойынша оқушыларымыз аудандық дебат сайысына қатысты.

Мектептегі «Жаңа Қазақстанның жаңа жастары» атауымен құрылған «Үшқыр ой» дебат клубына 7-10 сынып аралығындағы 21 оқушы қатысады. Бұл оқушылардың барлығы Ұлттық білім деректер қорына тіркелген. Үйірменің жылдық жоспары оқу жылының басында жасалып бекітілген. Сондай-ақ күнтізбелік тақырыптық жоспары жасалып, Білім класс-Білім ленд платформасында жарияланған. Аптасына бір сағат, дегенмен бағалау, сынақтау көрсетілмейді.

Мектепте үйірме жоспары бойынша екі рет, мектеп парламентінің дебат фракциясы бір рет дебат сайысы өткізілді.

Дебаттың бірнеше форматтары бар,соның ішінде кең қолданылатындары:

Британдық парламенттік форматы 4 команда 2 адамнан;

Карл Поппер форматы 3 адамнан тұратын 2 команда ;

Линкольн-Дуглас форматы 1адамнан тұратын 2 команда және

– 2 адамнан тұратын 2 команда.

Осы кезеңге дейін оқушылар АПФ (Американдық парламенттік формат) ережелерімен ойнап келді.

2025 жылдан бастап жаңадан бастап Түркістандық дебат форматы (ТДФ) қолданысқа енгізіле бастады. Бұл форматтың ерекшелігі 3 адамнан тұратын 2 команда (лидер,спикер, кеңесші (дағдаушы, даугер) мүшелерінен құралады. Бұл формат бойынша оқушыларымыз бірінші рет қатысты. Өкінішке орай, аудандық кезеңде жолы болмады.

Түркістандық дебат форматының (ТДФ) ерекшелігі - бұрынғы өткен билер мен шешендердің ізін жалғаушы, яғни ақылмен , ұтымды сөзбен даналықтың сайысы.Пікірталас ең алдымен әділеттілікке, мәдениетке, құрметке және топтық жұмысқа баса назар аударылады. Алдағы уақытта жас дебатшыларымызды дайындау барысында шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сонымен қатар нақты фактілер мен дәлелдерді қолдана отырып қарсыласынан басым түсетін команда дайындау – негізгі меке болып тұр. Себебі, дебатта- тіл тазалығы маңызды аргументтің бірі.Осы мақсатта алдағы уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып атқарамыз деген жоспарымыз бар.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына жасалған жұмыс жоспары бойынша қантар айы –Заң және тәртіп айы болып белгіленген. Қантар айының іс-шаралар жоспары осыған негізделді. «Заң және тәртіп құндылығы» тақырыбында ұлдар клубының төрағасы-әскери жетекші Е.Ахметовтың жетекшілігімен мектепшілік ұлдар жиналысы өткізілді. Жиналыс өткізудің басты мақсаты оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу, мектеп ережесін сақтау, мектеп формасының және гигиеналық нормалардың сақталуы туралы болды. Сонымен қатар түнгі уақытта көшеде жүрмеу, күмәнді сайттарға кірмеу,буллингтен қорғану туралы кеңестер берілді. Жиналыс барысында оқушылар да өз ойларын айтып, ойларында жүрген сұрақтарына жауап алды.

Қантар айындағы қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорттық үйірмелер өз жұмыстарын атқарды.

Футбол үйірмесі (жетекшісі-А.Отенбаев), баскетбол(Н.Керімбеков), шахмат (А.Мылтықбай), волейбол (Ж.Қалдарбай) үйірме жетекшілері кестеге сай үйірме жұмыстарын жүргізді.



Мектепшілік жүргізілетін үйірмелердің өз уақытында өткізілуі, оған қатысатын оқушылардың қатынасу қозғалысы бақыланды. Әр аптаның дүйсенбі күні өткізіліп жүрген тәрбие сағаттарында қауіпсіздік сабақтарының өткізілуі, буллинг жол қауіпсіздігі, қауіпсіз интернет бойынша сынып жетекшілері тарапынан түсініктер берілді.

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында «Ең үздік жыл оқырманын» анықтау кезеңінің «Мен оқыған бір ертегі» іс-шарасы 4 А сынып оқушыларымен өткізілді. Бұл шараны мектеп кітапханашысы Н.Қуат пен ҚББП Н.Сәрсембаев бірлесе отырып өткізді. Оқушылар өздері оқыған ертегі кітаптардағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге сипаттама беріп, онда баяндалатын басты адамдық құндылықтарды анықтап, баға берді. Бұл іс-шара ақпан айына жоспарланып отырған ақын ақын М.Мақатаевтың 95 жылдығына арналған әдеби кеште жалғасын табатын болады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2025-2026 оқу жылына жасалған жұмыс жоспары бойынша ақпан айы –Жасампаздық және жанашырлық айы болып белгіленген. Ақпан айының іс-шаралар жоспары осыған негізделді.

Ақпан айының бірінші аптасынан бастап үйірме жұмыстарының журналдарының жүргізілу барысын көріп танысып шықтым. Үйірме жоспарына күндері қойылған, мектепшілік үйірмелер мүмкіндігінше, өткізіліп келеді. Атап айтқанда, баскетбол, волейбол, шахмат, домбыра, көркемсурет, дебат, би үйірмелері.

«Кітап сарқылмайтын рухани байлық» атты дөңгелек үстел кітапханашы Н.Қуат және ҚББП Н.Сәрсембаевтың ұйымдастыруымен « Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында 4А сынып оқушыларымен өткізілді. Оқушылар өздері оқыған ертегі кітаптарының ішінде кездесетін жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттерін суреттеп, баяндады. Олардың сөздерінен, іс-әрекеттерінен қандай нәрселерді үлгі етіп алатындарын, қай әрекеттерінің теріс, жағымсыз екендіктерін баяндап, ортақ талқылап отырды. Нәтижесінде «Жаксыдан үйрен, жаманнан жірен» деген өмірлік қағиданы ұстану керектігін сезінді. Оқушылар аталған іс-шаралардан өздеріне қажетті көптеген тағылымы мол әсер алды. Сонымен қатар оқыған ертегілер желісі бойынша сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасты.



Қазақтың ақын-ақыны, қара өлеңінің падишасы атанған М.Мақатаевтың 85 жылдық мерейтойына арналған «Мұқағали әлемі» атты поэзия байқауы кең көлемде аталып өтілді. 2-11 сынып оқушылары арасында өткізілген бұл айтулы шарада оқушылар бастауыш буын, орта буын және жоғары буын топтарына

анықталып, аталып өтілді. Дебаттың ережесі бойынша, олар тек пікірсайыс алаңында ғана тартысқа түседі.



«Деннің саулығы жанның саулығы» тақырыбымен өткізілген спорттық сайыс сабағы шахмат және эстафеталық ойындар түрлерінен дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі А.Мылтықбай мен Ж.Қалдарбайдың ұйымдастырылуымен өткізілді. Шахмат – ақыл-ой гимнастикасы, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілетін арттырса, қозғалмалы эстафеталық ойындар оқушыларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Осындай мақсатта өткізілген сайыс сабағы өте тартысты, қызықты болып өткізілді. Сайыс соңында жеңімпаздар мұғалім тарапынан мадақтама айтылып, аталып өтілді.



Жылдық жоспарға сәйкес сәуір айыменбекорлық және кәсіби біліктілік айы деп бекітілген. Соған сәйкес төмендегідей жұмыстар атқарылды:

Оқушылардың үйірмелерге қатысу барысын бақылау кезеңінде оқушылар қозғалысы қысқы уақытқа қарағанда біршама артқан, дегенмен тігін, бисер үйірмелерінің жұмысында баяулық байқалды.

12-сәуір Дүниежүзілік авиация және Ғарышкерлер күніне орай ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Көркемсурет үйірмесінің жетекшісі Ә.Омаровтың жетекшілігімен «Әрбір бала – бір әлем» және «Ғарышқа сапар» тақырыбында сурет байқаулары өткізілді. Байқау барысында оқушылар тек сурет салу ғана емес, сазбалшықпен құмыра жасау ісіне де белсене қатысып, шеберліктерін көрсетті. Төменде «Көзе жасау» сабағынан үзінділер келтірілген




7-«б» сынып жетекшісі Қ.Көменбаевтың ұйымдастыруымен «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» тақырыбында ата-аналарға арналған шеберлік сынып сағаты өткізілді. Қ.Көменбаевтың сынып жетекшісі ретінде өткізген бұл сынып сағатында - сынып жетекшісі ата-аналармен қандай байланыста болу керек, сынып жетекшісі ата-ана алдында бала өмірінде қандай рөл атқарады, сынып жетекшісі-оқушы-ата-ана ұштағаны қалай жұмыс жасауы керек деген сұрақтар барысында әңгіме қозғалды. Бүгінгі күндегі бала тәрбиесі-тәрбие саласындағы өзекті мәселе болғандықтан аталған іс-шараға ата-аналар да белсене қатысып отырды.

Қосымша білім беру педагогы Н.Сәрсембаевтың ұйымдастыруымен «Ұлттық пікір- сайыс клубы» мүшелерінің қатысуымен дебат өткізілді. Оқушылар екі фракцияға бөлініп берілген тақырып бойынша өз позицияларын қорғады. Аталған дебат 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Дебатқа тарих пәнінің мұғалімі М.Бактыбай төрешілік жасаса, директордың орынбасарлары Б.Бегасқиев пен Б.Шерімбетова бақылаушы ретінде қатысып отырды.



Сонымен қатар дене шынықтыру пәнінің ұстаздары Н.Керімбековтың, Ж.Қожахметовтың, А.Мылтықбайдың, Ж.Қалдарбайдың ұйымдастыруымен «Өмірге салауатты қалам» тақырыбында спорттық эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды.

Аталған жарыстар негізінен 5 сыныптар және бастауыш сыныптары арасында өткізілгендіктен байқау қызықты әрі бұқаралық сипатта өткізілді.



Мектеп кітапханашысы Нұргүл Қуаттың ұйымдастыруымен Ұлттық кітап күніне онкүндік ұйымдастырылды. Сол онкүндіктің бірінде «Кітапханаға саяхат» айдарымен көркемсөз оқу шеберлерінің мәнерлеп өлең оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайыс негізінен орта буын арасында өткізілгендіктен төменде соның бірнешеуінің фотосын ұсынып отырмын





Қосымша білім беру- бұл тек балалардың бос уақыттарын тиімді өткізіп қана қоймайды, ол сонымен қатар оларға үлкен рухани қазына болып табылады. Сондықтан мұндай әдеби-мәдени және спорттық шаралар алдағы жана оқу жылында да жалғасын табатын болады.

Дайындаған: ҚББП:

Н.Сәрсембаев